

**Бейнеу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 94 "Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 244 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 қыркүйекте № 4599-12 болып тіркелді

Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 94 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3379 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

қосымшада:

реттік нөмірі 2 жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

2.	Бейнеу ауылы	"Қазақстан Халық Банкі" акционерлік қоғамының №239900 Маңғыстау облыстық филиалының және Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Бейнеу орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараттарының жанындағы тақта
----	--------------	---

"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейнеу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бейнеу ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы*

*Р. Шалбаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Бейнеу аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы